Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «М» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** [м] дыбысымен және әрпімен таныстыру.М дыбысының неге ұқсайтынын сұрау.Буындарды қосып оқуға білімдерін кеңейту.Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру **2. Тақырыбы:** «Біз – болашақ әскерміз!» **Мақсаты:** а) Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. ә) Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. азаматтыққа тәрбиелеу **3. Жапсыру** **Тақырыбы:** Теңіз асты патшалығы. **Мақсаты:** ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету	**1. . Математика негіздері** **Тақырыбы**: Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру **Мақсаты:** ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Әдептіліп әлемі Ермек Өтетілеуұлы **Мақсаты:** Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Биші Әйгерім. **Мақсаты:** ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге,ұжымда жұмыс істей білуге үйрету. **4.Орыс тілі** **Тема**: Для чего нужны предметы гигиены? **Цель**: формирование умения составлять рассказ по серии картин	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Ең тәтті дүние» ертегісі (Қ.Мырза Әли.) **Мақсаты:** Даусыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді даусыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Біздің стадион» **Мақсаты**: а) Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. ә) Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. б) Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білулерін дамыту **3 . Құрастыру** **Тақырыбы**: Орманды мекендеушілер. **Мақсаты**: табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету, оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру, ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «М» дыбысы мен әрпі **Мақсаты**: М әрпімен таныстыру, М дыбысының даусыссыз дыбыс екенін анықтау.Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу.Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру. **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Құмыра **Мақсаты:** құмыра туралы білімдерін жетілдіру. Құмыраны сала білуге үйрету **2. Музыка** Тақырыбы: Бауырсақ ертегісі Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **4. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері.** **Тақырыбы:** Ормандағы қауіпсіздік ережелері. **Мақсаты:** Жолда жүру ережелеріне мағлұматтар беру.Балалардың жолда жүруінің тәртіп ережелерін қалыптастыру.	**1. Музыка** **Тақырыбы:** Бауырсақ ертегісі **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:***Терезе алдында не өсіп тұр?* **Мақсаттары:** а) Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау кабілеттерін дамыту. б) Зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшынысын дамыту. **3.Өзін өзі тану** **Тақырыбы:** Жүрегімде жақсылық **Мақсаты:** балаларды қамқорлық ұғымдарымен таныстыру, балалардың санасына , өзіне, жақын туыстарына, достарына деген қамқорлық сезімін қалыптастыру

			және қиялдауды дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.		
Балалардың үйіне қайтуы	*Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру*				

Сынып жетекші 0 «_А_» сынып

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
Мектепалды сыныбы

Күн тәртібі	***Дүйсенбі*** *15.11*	***Сейсенбі*** *16.11*	***Сәрсенбі*** *17.11*	***Бейсенбі*** *18.11*	***Жұма*** *19.11*
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	*Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.*				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы**: «Б» дыбысы мен әрпі **Мақсаты**: Б әрпімен таныстыру, ә дыбысының жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау.Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу.Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Менің отбасым» **Мақсаты:** а) Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. ә) Биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. б) Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. **3. Жапсыру** **Тақырыбы:** Құмырадағы гүл. **Мақсаты:** қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне үйретуді жалғастыру.	**1 Математика негіздері** **Тақырыбы**: Дөңгелек, шаршы,тіктөртбұрыш, үшбұрыш **Мақсаты:** балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш. **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Ақмақ қасқыр (ертегі) **Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге,өз ойларыне жеткізе білуге үйрету..Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **3 .Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Торғай **Мақсаты**: әдемі торғайдың мүсінін ермексазбен жасай білу әдіс- тәсілдерін үйрету **4. Орыс тілі** **Тема:** Учимся измерять предметы **Цель:** обучение умению называть предметы по величине (большой–маленький, длинный – короткий, высокий – низкий **Тема:** Учимся считать до 5 **Цель:** обучение прямому и обратному счету	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (М.Төрежанов). **Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Менің үйім» **Мақсаты:** а) Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. ә) Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру дағдыларын қалыптастыру. б) Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері **Мақсаты:** Балаларды рәміздермен таныстырып, өз елінің тарихына деген қызығушылықтарын арттыру. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Б» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** [Б] дыбысымен және әрпімен таныстыру С дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздер ді буындап оқи білуге тәрбиелеу. **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Гүлдене бер, Астана! **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **3. Музыка** **Тақырыбы:** Сүйікті қалам Алматы **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **4. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Күшті, батыл және үлкен боламын!» **Мақсаты:** а) Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. ә) Заттар арасымен алакан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту.	**1. Музыка** **Тақырыбы:** Сүйікті қалам Алматы **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Тұқымнан не өсіп шығады? **Мақсаттары:** а) Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. ә) Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. б) Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету **3. Өзін өзі тану** **Тақырыбы:** Жақсы сөз жанды жадыратар **Мақсаты:** балаларға жақсы сөздің адамдарға әсері туралы түсіндіру

				б) Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту	
Балалардың үйіне қайтуы	*Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру*				

Сынып жетекші 0 «_А__» сынып

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
Мектепалды сыныбы

Күн тәртібі	***Дүйсенбі*** *22.11*	***Сейсенбі*** *23.11*	***Сәрсенбі*** *24.11*	***Бейсенбі*** *25.11*	***Жұма*** *26.11*
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	*Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.*				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «С» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** [с] дыбысымен және әрпімен таныстыру С дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздер ді буындап оқи білуге тәрбиелеу. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру» (таза ауада) **Мақсаты**: а) Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. ә) Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу. б) Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге тәрбиелеу. **3. Жапсыру** **Тақырыбы**: Бөлме өсімдіктері. **Мақсаты:** екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы қиюға үйрету	**1. . Математика негіздері** **Тақырыбы**: Дөңгелек және сопақша **Мақсаты:** дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру **2. . Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан Оразақын Асқар **Мақсаты:** Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, мәдениет туралы түсініктерін кеңейту. Туған еліне деген мақтаныш сезімдерін қалыптастыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:**Түйе жайылып жүр.. **Мақсаты:** әдемі түйенің мүсінін ермексазбен жасай білу әдіс- тәсілдерін үйрету **4. Орыс тілі** **Тема:** Учимся считать до 5 **Цель**: обучение прямому и обратному счету	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Қысқа дайындық (Максим Зверев). **Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту **Тақырыбы:** Алғашқы қар. М.Жаманбалинов. **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Мерген болғым келеді» **Мақсаты**: а) Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. ә) Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. б) Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту. **3. Құрастыру** **Тақырыбы**: Ою-өрнектер **Мақсаты:** Ормандағы мекендеушілер туралы айту. Ермексаздан орман	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «С» дыбысы мен әрпі** **Мақсаты:** С әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру. С дыбысын айтылуын қадағалау. **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Ертегідегі құс. **Мақсаты:** құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру **3. Музыка** **Тақырыбы:** Гүлдене бер, Астана! **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **4. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы:** Мен үйдемін. Қауіпсіздік мектебі. **Мақсаты:** балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері жөнінде түсінік беру.	**1. Музыка** **Тақырыбы**: Гүлдене бер, Астана! **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:**Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? **Мақсаттары: а**) Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. ә) Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту. б) Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүюге баулу **3. Өзін өзі тану** **Тақырыбы:** Отбасындағы сүйіспеншілік **Мақсаты:** балаларға «Отбасындағы сүйіспеншілік» ұғымы туралы түсінік беру. Әке, шеше, ата, тегі туралы ұғымдарын кеңейту

			мекендеушілердің қалауынша мүсіндеуге қызығушылықпен жасай білуге дағдыландыру.		
Балалардың үйіне қайтуы	*Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру*				

Сынып жетекші 0 «А» сынып

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
Мектепалды сыныбы
Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі** 29.11*	***Сейсенбі** 30.11*		***Бейсенбі** 02.12*	***Жұма** 03.12*
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	*Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.*				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «ң» дыбысы мен әрпі **Мақсаты**: ң әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру.Дауыссыз дыбысқа жататынын айту.Сөздерді қызығушылықпен оқи білуге қалыптастыру.Әріптерді түзу,көркем жаза білуге тәрбиелеу. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Әкем, анам және мен!» **Мақсаты: а)** Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту . ә) Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды саусақтарымен домалатып алып жүруді бекіту. б) Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. **3. Жапсыру** **Тақырыбы:** Тауыс. **Мақсаты:** бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып жапсыруға үйрету	**1. Математика негіздері** **Тақырыбы:** Шар. Текше. Цилиндр **Мақсаты:** көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру: текше, шар, цилиндр **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Менің елімнің рәміздері **Мақсаты:** Өленді дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге,туған жерін,Отанын сүюге тәрбиелеу.Имандылық адамгершілік тәрбиесіндегіүлгі-өнеге сөздерді үйретіп,елді қорғауға баулу. **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Жүйрік ат. **Мақсаты:** мүсіндеудің өздері білетін әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жүйрік атты мүсіндеуді үйренеді **4. Орыс тілі** **Тема:** Я умею считать до 10 **Цель:** формирование умения считать в пределах 10		**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Е» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** Е әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру.Дауысты дыбысқа жататынын айту.Сөздерді буындап оқи білуге 2-27тәрбиелеу.Сөздерді қызығушылықпен оқи білуге қалыптастыру.Әріптерді түзу,көркем жаза білуге тәрбиелеу. **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Менің сүйікті ертегім. **Мақсаты:** балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. **3. Музыка** **Тақырыбы**: Біздің рәміздер **Мақсаты**: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **4. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Отбасылық альбом» **Мақсаты: а**) Допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. үйлесімділігін дамыту. ә) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру.	**1. Музыка** **Тақырыбы**: Біздің рәміздер **Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **2. Жаратылыстану** **Тақырып:**Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесін бе? **Мақсаттары:** а) Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. ә) Өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. б) Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу. **3. Өзін өзі тану** **Тақырыбы:** Дос болайық, бәріміз **Мақсаты:** балалардың достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылау. Достарға деген қарым-қатынасты қалыптастыру, достықты қадірлей білу.

				б) Жиырылған бұлшық еттерін босаңсыту мен психологиялық көңіл күйлерін көтере білу қабілеттерін дамыту.	
Балалардың үйіне қайтуы	*Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру*				

Сынып жетекші 0 «А» сынып

Макинск қаласы Балуан Шолақ атындағы

мектеп-лицейі

мектепалды даярлық сыныбының

2021-2022 оқу жылына

арналған циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің мектебім»
Мақсаты: Мектеппен таныстыру, мектепке әлеуметтік бейімделуге даярлау.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.09	Сейсенбі 07.09	Сәрсенбі 08.09	Бейсенбі 09.09	Жұма 10.09
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.**				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Дыбыс** **Мақсаты:** Дыбыс туралы түсінік беру.Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы білімдерін кеңейту. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы**: «Денсаулықтың құпиялары» **Мақсаты**: а) Допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүруге үйретуді жалғастыру. ә) Қолдарын екі жаққа созып, басына қапшық қойып, бөренеңің үстімен тепе- теңдік сақтап жүріп өту біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру.б) Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. **3. Жапсыру** **Тақырыбы: Көшедегі үйлер.** **Мақсаты**:көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету	**1. Математика негіздері** **Тақырыбы**: Біреу - көп **Мақсаты:** балаларға заттар жиынын бір зтты бөле білуге үйрету. **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы: Білімің бұлағың** **Мақсаты:** балаларға білім күні туралы түсінік беру. Оқусыз білім жоқ сөзінің мағынасын ұғындару. Оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Себет **Мақсаты:**балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету **4. Орыс тілі** **Тема:** Мой любимый детский сад **Цель:** обучение умению составлять рассказ по плану.	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Менің досым. **Мақсаты** : Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Күлкі сыйла» **Мақсаты:** а) Қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіруді жалғастыру, жұп болып жүру мен жүгіру кезінде өз қозғалыстарын келісіп жүруге үйрету. ә) Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділігін қалыптастыру. б) Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу. **3 .Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:** Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады? **Мақсаты:** Балаларға заттардың адам өміріне маңызы туралы түсінік беру.заттардан жасалатын бұйымдармен таныстыру.Әр заттың маңызы туралы білімдерін кеңейту.Заттардың қасиеті туралы білімдерін кеңейту.Қызығушылықтарын ояту.	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз **Мақсаты**: Балаларға сөз, дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру. **2. Музыка** **Тақырыбы:** Нота үйренейік **Мақсаты:**Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату **3. Сурет салу** **Тақырыбы:** Күзгі орман **Мақсаты:** күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. **4. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы:** Мен кіммін? Адам денесі. **Мақсаты:** балалардың күн ережесі туралы білімдерін кеңейту. Бала денсаулығының басты кепілі – дене бітімі және жалпақтабан туралы мағлұмат беру.	**1. Музыка** **Тақырыбы:** Нота үйренейік **Мақсаты:**Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Табиғатта кандай өзгерістер болды? **Мақсаты** а) Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау кабілеттерін шыңдау **3. Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** Мен ерекше баламын **Мақсаты**: балалардың өзіндік «менін» ұғындыру. Өздерін тануға өз ерекшеліктерін білуге үйрету. Өз бастарын сыйлап, бағалай білуге тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: Нота үйренейік Мақсаты:Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату
Балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру**				

Оқу ісінің меңгерушісі: Ибраева А.А. Ибраев

Сынып жетекшісі: Каржаева А.Н.

Балалардың іс-әрекетімен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы
0 «А» сыныбы /1апта/

Өтпелі тақырып: «Менің мектебім»

Мақсаты: Мектеппен таныстыру, мектепке әлеуметтік бейімделуге даярлау.

Қыркүйек айы

Күн тәртібі			**Сәрсенбі 01.09**	**Бейсенбі 02.09**	**Жұма 03.09**
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.**				
Таңертеңгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу кешені**				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ			**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Балабақшадағы алғашқы күн. **Мақсаты:** «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Спортзалда ойнаймыз» **Мақсаты:** а) Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету. ә) Заттар арасымен екі аяқпен иреленделп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен шырақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. б) Бір бағытта лақтыра білу, лақтыру кезінде қолдарын шырақ түзете алу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. **3. Құрастыру** **Тақырыбы:** Ұшақ. **Мақсаты:** құрылыс материалдарынан құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыс **Мақсаты:** Дыбыс туралы түсінік беру.Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы білімдерін кеңейту. **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Ағаш бұтақтары **Мақсаты:** балаларға теректің бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және теректің бұталарының суретін салуға үйрету. **3. Музыка** **Тақырыбы:** Білімің – бұлағың **Мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту **4. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Спортзалда ойнаймыз»** **Мақсаты**: а) Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету. ә) Заттар арасымен екі аяқпен иреленделп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен шырақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. б) Бір бағытта лақтыра білу, лақтыру кезінде қолдарын шырақ түзете алу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру.	**1. Музыка** **Тақырыбы:** Білімін – бұлағын **Мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Бізді не қоршап тұр? **Мақсаттары:** а) Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету. ә) Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. б) Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу. **3 Өзін-өзі тану** **Тақырыбы: «Өзін өзі тану»** әлеміне саяхат **Мақсаты:** адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру; жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту; өзара қамқорлыққа, сүйіспеншілікке, татулыққа тәрбиелеу.
Балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру**				

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
Мектепалды сыныбы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.09	Сейсенбі 14.09	Сәрсенбі 15.09	Бейсенбі 16.09	Жұма 17.09
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1 Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** А» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** А әрпімен таныстыру, «а» дыбысының дауысты дыбыс екенін анықтау.А әрпін көркем жаза білуге қолдарын жаттықтыру.Дыбысты дұрыс дыбыстай білуге тіл моторикасын жаттықтыру. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Біз күшті және ержүрекпіз» **Мақсаты:** а) Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. ә) Бір бүйірімен екі аякпен арканнан секіруге жаттықтыру және ширақ итерілу дағдыларын қалыптастыру. б) Салауатты өмір салтын сақтауға баулу. **3. Жапсыру** **Тақырыбы:** Біздің үй **Мақсаты:** Кіші бөліктерді үлкен бөліктің үстіне кескіндеп жапсыруға үйрету.	**1. Математика негіздері** **Тақырыбы:** Заттарды ортақ касиеті бойынша топқа біріктіру **Мақсаты:** балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен», «кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету. **2 . Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Күз –жомарт (өлеңін жатттау) **Мақсаты**: Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру.Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып жеткізу, **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:**Жемістер. **Мақсаты:**балаларға жемістердің пайдасын түсіндіре отырып, оларды мүсіндеу тәсілдерін үйрету. **4. Орыс тілі** **Тема:** Кто работает в детском саду? **Цель**: расширение кругозора детей о профессиях в детском саду	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым. **Мақсаты:** «д» – «т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Мен ойнағанды жақсы көремін» **Мақсаты**: а) Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып енбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларындамыту. ә) Басына қапшық қойып, аркан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе- теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларынқалыптастыру **3. Құрастыру** **Тақырыбы:** Көңілді автобус. **Мақсаты:**қағазды ортасынан қос бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеу тәсілі арқылы автобус жасай білуге үйрету, қиып жапсыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «А» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** А әрпімен таныстыру, «а» дыбысының дауысты дыбыс екенін анықтау.А әрпін көркем жаза білуге қолдарын жаттықтыру.Дыбысты дұрыс дыбыстай білуге тіл моторикасын жаттықтыру. **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Тостаған **Мақсаты:** балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту. **3. Музыка** **Тақырыбы:** Көңілді ырғақтар **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **4. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Керуен» (таза ауада) **Мақсаты:** а) Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру. ә) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру	**1. Музыка** **Тақырыбы:** Көңілді ырғақтар **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **2. Жаратылыстану** Тақырыбы: Нан қайдан келеді? Мақсаттары: а) Балалардың нанның дастарханға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. ә)Танымдық-ізденістік жұмыстарға деген талпынысын күшейту. б)Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету **3. Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:**Отбасы – бақыт мекені **Мақсаты:** Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы, түсінік қалыптастыру. Отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас, дағдыларындамыту. Отбасында сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

				дағдыларын бекіту. б) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу.	
Балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру**				

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
Мектепалды сыныбы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.09	Сейсенбі 21.09	Сәрсенбі 22.09	Бейсенбі 23.09	Жұма 24.09
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	*Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сезіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.*				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:**«Т»дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** Т әрпімен таныстыру, «Т» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін анықтау. Т әрпін көркем жаза білуге қолдарын жаттықтыру. Дыбысты дұрыс дыбыстай білуге тіл моторикасын жаттықтыру **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Бадминтон, футбол» **Мақсаты:** а) Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау, күнделікті қимыл-қозғалыстың қажеттігін қалыптастыру. ә) Алшақ, қысқа адымдап жүгіруге, жүгіріс кезінде қол мен аяқтарының қимылын үйлестіре білуге жаттығу. б) Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру **3. Жапсыру** **Тақырыбы**: Кемпірқосақ. **Мақсаты:**доғал сызық бойымен қиюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету	**1. Математика негіздері** **Тақырыбы:** 1 саны және цифры. 2 саны және цифры **Мақсаты**: 1 және 2 сандарымен, 1 және 2 цифрларымен таныстыру. **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Кішкентай бағбан(әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов **Мақсаты:** Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарманың кейіпкерлерімен таныстыру. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:**Саңырау-құлақтар. **Мақсаты:**балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік бере отырып, ермексаздан саңырауқұлақты мүсіндеу тәсілін меңгерту **4. Орыс тілі** **Тема:** Моя любимая инрушка **Цель:** обучение умению называть игрушки	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Күз бояуы (Қ.Баянбаев.) **Мақсаты:** Жіктеуді үйрету **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Күзгі орманда» **Мақсаты**: а) Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету; ә) Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, ерекше заттармен (құралдармен) орындалатын жаттығуларда назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамытуды жалғастыру.б) Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Барлық мамандық қажет,барлық мамандық маңызды. **Мақсаты:** Үлкендердің еңбегі туралы балалардың білімін толықтыру. Балаларды үлкендердің еңбегіне баулу. Қандай маман иесі болмасын, оны сыйлауға тәрбиелеу.	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Т» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [Т] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату, Т әрпімен таныстыру **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Торсық **Мақсаты**: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету. **3. Музыка** **Тақырыбы:** Біздің аспаптар **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **4. Қауіпсіздік мінез құлық негіздері** **Тақырыбы**: Ас – қорыту жүйесі. Асқазан. **Мақсаты:** дұрыс тамақтану ережелерімен таныстыру	**1. Музыка** **Тақырыбы**: Біздің аспаптар **Мақсаты**: Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы**:Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз? **Мақсаттары:** а) Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (ақ саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, терекқұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт) туралы түсінік қалыптастыру. ә) Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. б) Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу **3. Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** Достаса білейік **Мақсаты:** «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру

Балалардың үйіне қайтуы	*Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру*				

Сынып жетекші 0 «_А__» сынып

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ

Мектепалды сыныбы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі*** *27.09*	***Сейсенбі*** *28.09*	***Сәрсенбі*** *29.09*	***Бейсенбі*** *30.09*	***Жұма*** *01.10*
Балаларды қабылдау. Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу.	*Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.*				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)					
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ.	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Н» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [н] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату,Н әрпімен таныстыру **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Үлттық ойындар» (таза ауада) **Мақсаты: а**) Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. ә) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. б) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу. *3. Жапсыру* ***Тақырыбы:*** *Санырауқұлақтар.* ***Мақсаты:*** *балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгерту*	**1. . Математика негіздері** **Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны және цифры **Мақсаты:** 3 және 4 сандарымен, 4 және 3 цифрларымен таныстыру. **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Жемістер жыры (өленін жатттау) **Мақсаты:** Өлең мазмұнын ашу.Өлең ырғағын келтіре отырып,тіл ерешелігін,көркем сөздерін түсіну,әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту.Жемістердің пайдасы туралы айтып,құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту **2. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Көкөністер. **Мақсаты**: балаларға көкөністердің пайдасын түсіндіре отырып, оларды мүсіндеу тәсілдерін үйрету. **4. Орыс тілі** **Тема:** Что нам осень принесла? **Цель:** обучение умению называть признаки времени года осень	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы**: Менің атам. **Мақсаты**: Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Қалай спортшы болуға болады?» **Мақсаты**: а) Екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғарыкөтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл- қозғалыстарын жетілдіру. ә) Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеудіжетілдіру. б) Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар(бедерлі мүсіндеу). **Мақсаты:**бедерлі мүсіндеу жолдарымен таныстыру;жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін бекіту, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білугемашықтандыруды жалғастыру. **4. Құрастыру** **Тақырыбы:** Жәндіктер **Мақсаты**: Жәндіктерді сурет арқылы таныстырып, түсінік	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Н» дыбысы мен әрпі **Мақсаты:** Н әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру **2. Сурет салу** **Тақырыбы:** Жаңбырлы күн **Мақсаты**: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру **3. Музыка** **Тақырыбы:** Күзгі серуен **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **4. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті жануарларым» **Мақсаты:** а) Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). ә) Әртүрлі бағыт және қырқынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірулерін жетілдіру. б) Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.	**1.Музыка** **Тақырыбы:** Күзгі серуен **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Ағаш және бұта **Мақсаттары:** а) Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. ә) Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. б) Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. **3. Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** Менің балабақшам **Мақсаты:** балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым-қатынас сезімдеріне тәрбиелеу.

			беру. Ағаштардың жапырағымен жәндіктерді құрастыруға білімдерін кеңейту.		
Балалардың үйіне қайтуы	*Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру*				

Сынып жетекші 0 «А» сынып

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Балуан Шолақ атындағы мектеп лицейі

Мектепалды даярлық сынып

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 10 – 14 қаңтар 2022 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта»** ***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жануарларының,аңдардын және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. ***Көрнекіліктер***: үй жануарлары,аңдардың,құстардың суреттері.	**Д\ойын «Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д/ойын:«Экологиялық пирамида».** **Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	**Д/ойын: «Зоологиялық домино».** **Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. **Ойын ережелері:** Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	**Д/ ойын:Не артық?** **Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.	Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.	Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану **Мақсаты** : Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету –Бүгін қай күн? –Кеше қандай күн болды? –Ертең қандай күн болады? –Бүгін ауа райы қандай? –Табиғат өзгерістерін атайық Мақал-мәтелдер: 1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер. Педагог: – Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу **Мақсаты** сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру **«Артығын тап» ойынын ойнат**у. 1.Қыс, көктем, жаз, күз , үз. (үз) 2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ) 3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана) 4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға) 5.Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Мақсаты** Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру **Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»** –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** -Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту **Мақсаты** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)** – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт- **Мақсаты:** әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: –Өлең қалай аталады? –Өлеңде не туралы айтылған? –Саған ұнады ма? –Жақсы деп қандай баланы айтамыз? Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз? –Сен қандай бала болғың келеді? Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.

			жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады		
Үзіліс:Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Допты қуып жет»*					
